

№7 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 22 ақпан 2025 жыл

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ

1. 11-сыныптар бойынша қорытынды аттестаттауға дайындық барысы.
2. Шет тілі пәндік бірлестігінің жұмысы туралы есеп.
3. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі.
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуі.

Тындалды

Бірінші мәселе бойынша Татиева К.Ш.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстары туралы баяндады. Аттестаттау пәндері бойынша консультациялар кестесі жасалғаны, сынақ тесттері өткізіліп жатқаны, білім деңгейіне мониторинг жүргізілетіні айтылды. Пән мұғалімдері дайындық жұмыстарының барысымен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша Камасалиқызы А

Шет тілі пәндік бірлестігінің жетекшісі бірлестіктің жұмыс есебін ұсынды. Есепте оқушылардың білім сапасы, өткізілген ашық сабақтар, пән апталығы, байқаулар мен олимпиадаларға қатысу нәтижелері қамтылды. Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби дамуы мен әдістемелік жұмыстарға қатысуы туралы ақпарат берілді.

Үшінші мәселе бойынша Жұмабаева А.А

Әлеуметтік педагог және жауапты қызметкер оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу жағдайы туралы баяндады. Мектеп асханасының жұмысы, жеңілдік санатындағы оқушылардың тамақтануы және санитарлық талаптардың сақталуы жөнінде мәлімет берілді.

Төртінші мәселе бойынша Каепов А.М


Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Оқушылармен профилактикалық әңгімелер, ата-аналар жиналыстары, құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер өткізілгені атап өтілді.

Қаулы етеді

1. 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстары күшейтілсін.

2. Әр пән бойынша қосымша сабақтар мен консультациялар ұйымдастырылсын.
3. Шет тілі пәндік бірлестігінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуына тұрақты бақылау жүргізілсін.
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
6. Сынып жетекшілері ата-аналармен байланысты күшейтсін.
7. Қаулының орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

Мектеп директоры



Алиева.Г.С

Хатшы:



Жакыбаева Г.Н